

**Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 17 мамырдағы № 531 Қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 592 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 27.07.2015 № 592 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 7 сәуірдегі Заңының 6-1-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 1 ж ы л ғ ы 1 7 м а м ы р д а ғ ы  
№ 5 3 1 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Мәжбүрлеп емдеуге арналған наркологиялық ұйымдағы алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарды тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормалары**

**1 аурудың бір күнгі тамақтану нормалары (граммен)**

Атауы	Саны	Атауы	Саны
Қара бидай наны	150	Жұмыртка / дана	1

Бидай наны	200	Айран	100
Бидай ұны	15	Сүт	300
Картоп ұны	5	Сары май, балқытылған	40
Жарма	80	Өсімдік майы	20
Макарон өнімдері	20	Қаймақ	20
Картоп	400	Қант, кондитер өнімдері	60
Көкөніс, барлығы	400	Шай	2
Жас жемістер	100	Кофе, какао	1
Кептірілген жемістер	30	Ашытқы	1
шұжықтар, жіңішке шұжықтар	10	Тұз	6
Ет, құс еті	125/25	Қызанақ езбесі	3
Балық, балық тағамдары	100	Жеміс шырындары	100
Ірімшік	15		

## Ауруларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормалары

Бұйымдардың атауы	1 төсекке арналған заттар саны	Пайдаланудың жылдық мерзімі	Бұйымдардың атауы	1 төсекке арналған заттар саны	Пайдаланудың жылдық мерзімі
1	2	3	4	5	6
1. Ауруларға арналған іш киімдер мен төсектер					
Жейде, іш көйлек ( майка)	7	3	Жаялық ( төсеніш)	1	3
Трусилер (трико, кальсондар)	8	3	Сыртқы жастықтыс	8	3
Ауруларға арналған орамалдар	1	1,5	Ішкі жастықтыс (құс жүні)	2	2
Ақжайма	6	3	Тюфяк тысы	1	3
Көрпе тысы	5	4	Ауруларға арналған сүлгілер	5	2,5
2. Ауруларға арналған төсек жабдықтары және басқа да заттар					
Матрац	1,5	5	Зат қапшықтары	0,5	4
Құс жастық	2	10	Аурудың іш киімін сақтайтын қапшықтар	1	3
Жылы көрпе (жүнді, жартылай жүнді)	1,5	5	Ыдыс сүртегін сүлгілер	0,25	1
Жазғы көрпе (жылы)	1	4			
3. Ауруларға арналған киім және аяқ киім					
Жылы халат (пижама)	3	3	Үйде киетін тәпішке	1	0,5
Жазғы халат (пижама)	3	3	Маусымдық аяқ киім	1	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК